

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ШАҒЫН, ОРТА ЖӘНЕ ІРІ
КӘСІПКЕРЛІК:
АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ
МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ,
МЕМЛЕКЕТТІК
ҚОЛДАНУДЫҢ
БАҒЫТТАРЫ**

Кәсіпкерлік – азаматтар мен олардың бірлестіктерінің пайда немесе өзіндік табыс алуға бағытталған бастамашылық дербес қызметі.. Кәсіпкерлікті азаматтар өз атынан, өзінің мүліктік жауапкершілігі кепілдігімен немесе заңды тұлғаның (кәсіпорынның) атынан және соның жауапкершілігі кепілдігімен жүзеге асырады. Кәсіпкерлік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны арқылы айқындалатын шектегі мүліктік жауапкершілікті көздейді. Қазақстан азаматтары мен шет мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ, азаматтардың бірлестіктері кәсіпкерлік субъектілері болып табылады. Кәсіпкерлік жалдамалы еңбекті қолданбай немесе жалдамалы еңбекті қолданып, заңды тұлға құрмай немесе заңды тұлға құрып жүзеге асырылады. Жалдамалы еңбекті қолданбай жүзеге асырылатын кәсіпкерлік жеке еңбек қызметі ретінде тіркеледі, жалдамалы еңбекті қолдану жолымен жүзеге асырылатын кәсіпорын ретінде тіркеледі.

Кәсіпкерлік – кәсіпкерлік бизнестің неғұрлым жекеше жағдайы. Қызметтің бұл түрі, көбінесе, адамның жеке басымен – кәсіпкермен байланысты. Ол жаңа істі қолға алады, жаңа енгізілімді іске асырады, тәуекелдікке бас тігеді. Кәсіпкердің мәртебесі мемлекеттік тіркеуге алу арқылы қуатталады, онсыз кәсіпкерлік қызметке тыйым салынады. Кәсіпкердің еңбегіне ақы төлеу нысаны, тәртібі мен талаптары шартпен айқындалады, жеке табысқа салық салынуға тиіс. Шаруашылық қызметтің барлық түрлері, оларға заңнамалық актілерде тыйым салынбаған болса, мысалы, коммерциялық делдалдық, сату-сатып алу, инновациялық, кеңес беру, тағы басқа қызметтер, сондай-ақ, бағалы қағаздармен жасалатын операциялар кәсіпкерлікке жатады. Нарықтық жүйеде толымды кәсіпкерлік қызметке жол ашылады және ол мемлекет меншікті қоса, меншіктің барлық нысандарына тән. Меншікті мемлекет иелігінен алу, кәсіпорындарды жекешелендіру кәсіпкерлік үшін қолайлы жағдай туғызатын экономикалық үдерістер болып табылады. Қазақстанда кәсіпкерлік мәртебесі, мұндай қызметті жүргізуге кепілдік заң жүзінде баянды етілген.

Кәсіпкерлік қатынастардың дамуы өз алдына қоғамдағы көптеген экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шеше отырып еліміздің ішкі және сыртқы жағдайларын жақтартуда орасан зор орын алады. Бұл қатынастар елдің сыртқы экономикалық іс — әрекеттерін дамыта отырып өздеріне және тұтынушы қоғамға, қолайлы да тиімді шетелдік нарықтардың шығаратын тауарларын ұсына отырып, отандық өндірісте шығатын тауарларды өткізу нарығының жаңа белестеріне жол ашады. Ал бұл өз алдына отандық тауарларды өндіруші кәсіпкер тұлғалардың кәсіпкерлік қатынастарын дамытуға, шетелдік тұлғалармен қарымқатынастарға түсе отырып қоғамдағы кәсіпкерлік қатынастардың молайуы мен күрделенуіне бірден – бір қолайлы жағдай туғызады.

өздеріне тиесілі мүлік негізінде қалыптастырушы сонымен қатар сол мүлік негізінде басқару жүргізіп толық мүліктік жауапкершілік артушы тұлғаны қарастырамыз. Нарығы жоғары дамыған мемлекеттердің арасында мемлекеттің қалыптасуы мен дамуының ұшан теңіз үлесі негізінен осы кісіпкерлердің мойнына жүктелген. Кәсіпкерлік қатынастардың дамуы мен қалыптасу ерекшелігіне байланысты оның әртүрлі нысандарын қарастыруға болады. Мәселен жеке кәсіпкерлік немесе күрделі заңды тұлғалар сипаттындағы кәсіпкерлік қатынастар субъектілерін қарастыра отырып, олардың эканомиканың дамуындағы алатын үлесі аса зор және қоғамдық қатынастардағы икемділігі мен ұйымдастырушылығының қарапайымдылығы көптеген қолайлы жағдайлар туғызуының салдарынан ел экономикасының ұдайы дамып қалыпты нығайуына бірден – бір себеп болып отырғанына қазіргі өмір куә.

Кәсіпкерліктің түрлері:



ШАҒЫН ОРТА ІРІ

*Шағын
кәсіпкерлік*

Кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын шағын кәсіпорындар – есеп беру жылы жұмыскерлердің (қосымша істеушілерсіз) тізімдік орташа саны 50 адамнан аспайтын, өз қызметтерін коммерциялық негізде жүзеге асыратын, әділет органдарында тіркелген және статистикалық тіркеуге енгізілген заңды тұлғалар.

«Шағын бизнес» кәсіпорындары – мына критерилерге жауап беретін кәсіпорындар (заңды тұлғалар):

- жұмыскерлердің орташа жылдық саны (қосымша істеушілерді қоса) 50 адмға дейін; активтердің жылдық орташа жалпы құны 60000 есе есептік көрсеткіштен аспайтын; мынадай ұйымдық-құқықтық нысанда кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын заңды тұлғалар:

- толық серіктестік;
- сенім серіктестігі;
- жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- қосымша жауапкершілікті серіктестік;

өндірістік кооператив.

Шағын бизнестің дамуын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер істеп тұрған шаруашылық субъектілері бойынша есептеледі. Істеп тұрған кәсіпорындарға мыналар жатады:

- белсенді, ағымдағы жылы қандай да бір қызметті жүзеге асырған; жаңа, яғни таяуда ғана тіркелген, бірақ әлі өндірістік қызметті бастамаған; уақытша тоқтап тұрған кәсіпорындар.

Орта кәсіпкерлік

Орташа кәсіпкерлік субъектілері – заңды тұлғалық білімі жоқ жеке кәсіпкерлер, жұмысшыларының орташа жылдық саны елу адамнан кем емес және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар, жұмысшыларының орташа жылдық саны екі жүз елу адамнан көп емес әрбір жылға республикалық бюджеттен заңда бекітілген айлық есептік көрсеткіш мөлшерін тиісті қаржылық жылға көбейту).

Ірі кәсіпкерлік

Ірі кәсіпкерлік - жұмыскерлерінің жылдық орташа саны 250 адамнан асатын және (немесе) айлық есептік көрсеткіштің 3 миллион еселенген мөлшерінен (2016 жылға 6 363 млн. теңгеден) асатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Субъекті	Жұмыскерлер (адам)	Кіріс
Микрокәсіпкерлік	≤ 15 адам	≤ 30 мың АЕК $\leq 63\,630$ мың теңге
Шағын	≤ 100 адам	≤ 300 мың АЕК $\leq 636,3$ млн. теңге
Орта	101-250 адам	300 мың – 3 млн АЕК $636,3$ – $6\,363$ млн. теңге
Ірі	> 250 адам	> 3 млн АЕК $> 6\,363$ млн. теңге

Шағын және орта бизнестің артықшылықтары айқын. Бұл – шағын және орта бизнестің динамикалығы, икемділігі, өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызмет түрлерін тез ауысуы қабілеттілігі, технология саласында сондай –ақ басқа жұмыс істеу салаларында жаңалықтарды енгізу қабілеттілігі. Соңында, шағын және орта фирмаларындағы еңбек ұжымында тұрақты емес қатынас орнатылады, үлкен бюрократиялық құрылым жоқ, жұмысшыларды басқаруға, табыстарды басқаруға тікелей қатыса алады.

Шағын және орта бизнестің басты ерекшелігі – кірістерге қатысумен және жұмыспен қамтылғандықты сақтап қалуға ынталы болумен шартталған, жұмыстың ең жоғарғы нәтижелігіне деген жалпы біріккен құштарлық, коллективтік түрде еңбек етуге және бригада болып жұмыс істеуге деген ұмтылыс. Ірі фирмаларда негізгі қалаушылар яғни құрушылар кәсіпорынды басқару үшін маман менеджерлерді тартуға мәжбүр, бірақ бұл көбінесе екі жақ мүдделерінің тоғыспауына келеді, ал ол өз кезегінде жалпы басқару тиімділігіне әсер етеді. Шағын кәсіпорындарда мұндай қарсылықтардан құтылып кетуге болады, себебі негізін қалаушы мен менеджер – бұл ереже бойынша бір адам.

Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде шағын және орта бизнес қайтадан өз мәні мен маңыздылығына ие болды. Көптеген елдердің үкіметтері шағын және орта бизнесті жаңа ойлардың, жаңа жұмыс орындарының, табыстар мен өркендеттіліктің көзі ретінде қарастырып, дамуына жағдай жасау шараларын қабылдауда.

Шағын бизнес шағын және орташа қалалардың жұмыс істеу негізі болып, ол жердің тұрғындарына тұратын жерлерінің, қасынан жұмыс табуға жол ашады. Мысалы, Көкшетау қаласының жағдайында, бұрынғы үлкен "Көкшетаустрой", "Көкшетаустрой-1", "Көкшетаустрой-2" трестері сияқты құрылыс өндірістерінің көлемі қысқартылып немесе жабылып жатқанда, шағын құрылыстық фирмаларды құру жүздеген құрылыс мамандарына өз қаласынан тысқары шықпай-ақ жұмысқа тұруға мүмкіндік берді.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе ірі бизнестен мүлдем бас тарту емес, ал Қазақстан экономикасы үшін шағын және орта бизнестің үлкен артықшылықтарын көрсету болып табылады. Оның үстіне, шағын және орта бизнес тек қана экономиканы жандандырушы фактор болып қана қоймай, сондай-ақ, оны экономикалық дағдарыстан шығуының алғашқы кезеңі ретінде де қарастырылады. Шағын фирмаларды көбірек құру – жұмыссыздық проблемасын жеңілдетуі, сауыққан бәсеке орта құруы, қаржы нарығын жандандыруы, ірі бизнестің дамуына бастама беруі және бүгінгі барларының ауқымын кеңейтуі мүмкін.

Экономиканың бұл күшті қорегін жоғары дамыған елдерде елемей кетпейді, олар шағын және орта бизнесті, сайып келгенде кез-келген ірі бизнестің негізі деп, өздеріне есеп беруде, себебі кез-келген ірі кәсіпорын екі адамның, бастапқы аздаған капиталмен өз ісін бастау идеясынан басталады. Идея кәсіпорынның кіріс әкелу мүмкіншілігіне айналады. Кірістің өсуі өндірістің дамуына жағдай жасайды, бұл кірістің одан әрі өсуіне әкеледі, демек өндірістің әрі қарай даму мүмкіндігі пайда болады. Шетелдегі шағын және орта кәсіпорыннан млн. айналымы бар компанияларға айналатын ірі фирмалардың бастапқы тарихы осындай.

• Назарларыңызға
Рахмет!

